

Шахтинск қаласында 2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 2 мамырдағы N 12/3 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 3 маусымда N 2340 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Н.Б. Р ы с т и н г е жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Аглиулин

Шахтинск қаласы әкімдігінің
2013 жылғы 2 мамырдағы
N 12/3 қаулысына
қосымша

Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

N	Санаттың атауы
1.	Елу жастан асқан тұлғалар.
2.	Ұзақ уақыт жұмыс істемеген тұлғалар (бір жыл және одан көп).
3.	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінің түлектері.
4.	Алған мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі және өтілі жоқ жастар (кәсіби лицейлерді, колледждерді, жоғарғы оқу орындарын бітіргеннен кейін).